

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,
Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023

2 САБАҚ

I МОДУЛЬ. ТАНЫСҚАНЫМА ҚУАНЫШТЫМЫН! АТЫҢЫЗ КІМ?



1. Тыңдаңыз және оқыңыз.



- Қайырлы таң!
- Сәлеметсіз бе!
- Менің атым – Ислам. Атыңыз кім?
- Атым – Тұмар.



- Амансыз ба!
- Амансыздар ма!
- Менің атым – Фариза. Атыңыз кім?
- Атым – Ислам.



Фариза: Бұл менің танысым, аты – Тұмар.

Алина: Менің атым – Алина.

Тұмар: Танысқанымға қуаныштымын.



Ислам: Сәлеметсіңдер ме!

Алина: Амансыздар ма!

Тұмар: Танысқанымға қуаныштымын.

32

Сәлеметсіз бе!
Сәлеметсің бе!
Сәлеметсіздер ме!
Сәлеметсіңдер ме!
Қалың қалай?
Қалыңыз қалай?
Қалдарыңыз қалай?
Амансыз ба?
Амансыздар ма?



Жайлы жатып,
жақсы тұр, қызым.



Қайырлы таң!



Қайырлы күн!



Кеш жарық!



Қайырлы түн!



2. Тыңдаңыз. Бос орынды толтырыңыз.

- а) – Сәлеметсіз бе!
 – Қайырлы таң!
 – Менің _____ – Ислам. Сіздің _____ кім?
 – Атым – Айдана.
 – Танысқаныма қуаныштымын!



- ә) – Сәлеметсіздер ме!
 – Кеш жарық!
 – Менің _____ – Әсет.
 – Сенің _____ кім?
 – Менің _____ – Ислам.

- б) – _____ қалай?
 – Рақмет, жақсы. _____ қалыңыз қалай?
 – Қандай жаңалық бар?
 – Еш жаңалық жоқ. Сіздің _____ қалай?



- в) – Танысып _____ .
 – Менің _____ – Дастан. _____ кім?
 – Әйгерім.
 – _____ қуаныштымын.
 – Мен де _____ .

- г) – Кіруге рұқсат па?
 – Сәлеметсіз бе! Кіріңіз.
 – Қайырлы күн!
 – Отырыңыз. _____ кім?
 – Менің _____ – Тұмар Даниярқызы.
 – Танысқаныма қуаныштымын.



- ғ) – _____ !
 – Сәлеметсіздер ме!
 – Төлқұжаттарыңыз бар ма?
 – Бар.
 – _____ кім?
 – Заңгер.
 – Сіздің мамандығыңыз кім?
 – Қаржыгер.

- д) – _____ ! Жақсы демалыңыз.
 – Рақмет. Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз.



Грамматика

Менің	ат+ым	үй+ім	іні+м
Сенің	ат+ың	үй+ің	іні+ң
Сіздің	ат+ыңыз	үй+іңіз	іні+ңіз
Оның	ат+ы	үй+і	іні+сі



3. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

атыңыз / мамандығыңыз

– _____ кім?
– Заңгер.

Сәлеметсіз бе! / Сәлеметсіздер ме!

– _____, балалар!

Қайырлы түн! / Қайырлы таң! / Қайырлы күн!

– _____!
– Рақмет. Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз, әке!

атым / атың / атыңыз / аты

– Бұл менің досым.

– Оның _____ – Әлкей.

атым / атың / атыңыз / аты

– Сәлеметсіз бе! Менің _____ –

Аян. Сіздің _____ кім?

– Атым – Әйгерім.

– Танысқанымға қуаныштымын!

атым / атың / атыңыз / аты

– _____ – Алмагүл
Ақмашқызы.

лауазым / лауазымы / лауазымым

– Лауазымы кім?

– _____ – бөлім басшысы.

тегім / тегі / тегіңіз

– Сіздің тегіңіз кім?

– Менің _____ – Ағымбаева.

ұлт / ұлты / ұлтың / ұлтым

– _____ кім?

– Ұлтым – қазақ.

мамандығың / мамандығы / мамандығым

– Сенің _____ кім?

– Менің мамандығым – филолог.



4. Қажетті жалғауларды жазыңыз.

- ы / - і

- ым / - ім / - м

- ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз

- ың / -ің / -ң;

Менің ат _____ – Әлкей.

Сенің ат _____ кім?

Сіздің ат _____ кім?

Досыңның ат _____ кім?

Досыңның тег _____ кім?

Құрбыңның ат _____ кім?

Менің тег _____ – Серікболат.

Сенің тег _____ кім?

Сіздің тег _____ кім?

Оның тег _____ кім?

Сіздің ұлт _____ кім?

Оның ұлт _____ кім?



5. Суретпен сәйкестендіріңіз.

1. орындық
2. үстел
3. қалам
4. тақта
5. қарындаш
6. қолшатыр
7. дәптер
8. құжат
9. сағат
10. кітап
11. көзілдірік
12. үй



6. Үлгінің көмегімен қажетті жалғауларды жазыңыз.

қ – ғ

к – г

п – б

Менің

-ЫМ, -ІМ, -М

орындығы**ЫМ**
қалам ____
қарындаш ____
дәптер ____
сағат ____
көзілдірік ____

Сенің

-ЫҢ, -ІҢ, -Ң

үстелі**ң**
тақта ____
үтік ____
қалам ____
қайшы ____
құжат ____

Сіздің

**-ЫҢЫЗ, -ІҢІЗ
-ҢЫЗ, ҢІЗ**

аты**ҢЫЗ**
тег ____
мамандық ____
ұлт ____
аты-жөн ____
лауазым ____

Оның

-Ы, -І, -СЫ, -СІ

аты
тақта ____
қолшатыр ____
көлік ____
көйлек ____
кітап ____

35



7. Сәйкестендіріңіз.

Менің

Сенің

Сіздің

Оның

Менің

Сенің

Сіздің

Оның

Менің

Сенің

Сіздің

Оның

қарындашы

қаламыңыз

қолшатырым

құжатым

сағаты

кілтім

жұмысыңыз

шашың

үйі

бөлмеңіз

орындығың

ақшам



8. Тиісті есімдіктерді жазыңыз.

Менің

Сенің

Сіздің

Оның

_____ қайшым
_____ лауазымы
_____ мамандығың
_____ бөлмесі
_____ жұмысыңыз
_____ көшесі
_____ демалысым
_____ уақытыңыз
_____ көйлегің
_____ досыңыз
_____ аты-жөні



9. Оқыңыз.

а) Сұқбатты оқыңыз.

Лағыл: Сәлем.

Азамат: Танысып қояйық.

Менің атым – Азамат.

Лағыл: Лағыл.

Азамат: Сенің атың кім?

Лағыл: Лағыл.

Азамат: Лағыл? Мағынасы қалай?

Лағыл: Лағыл – асыл тас.

Азамат: Атыңыз әдемі екен.

Танысқаныма қуаныштымын.

Лағыл: Мен де қуаныштымын.

Ұлтыңыз кім?

Азамат: Қазақ.

Лағыл: Кофе ішесіз бе?

Азамат: Жоқ, рақмет, шырын ішемін.

Лағыл: Жақсы.



ә) Сұқбатты оқыңыз.

Лағыл: Сәлеметсіздер ме!

Әлкей: Сәлеметсіз бе!

Лағыл: Кіруге бола ма?

Әлкей: Кіріңіз. Отырыңыз.

Менің атым – Әлкей Бекжанұлы.

Лауазымым – басқарма басшысы.

Әріптесімнің аты-жөні – Айжан Арманқызы.

Сіздің аты-жөніңіз кім?

Лағыл: Лағыл Арманқызы.

Әлкей: Мамандығыңыз кім?

Лағыл: Аудармашы.

Әлкей: Неше жастасыз?

Лағыл: 26 жастамын.

Айжан Арманқызы,
сіздің мамандығыңыз кім?

Айжан: Менің мамандығым – қаржыгер. 34 жастамын.



Аты: _____
Тегі: _____
Ұлты: _____
Мамандығы: _____
Жасы: _____

Аты: _____
Тегі: _____
Ұлты: _____
Мамандығы: _____
Жасы: _____



10. Тыңдаңыз. Мәтінді толықтырыңыз.

– Менің _____ – Әлкей Бекжанұлы. _____ – басқарма басшысы.

Менің әріптесімінің _____ Айжан Арманқызы. Сіздің _____ кім?

– Лағыл Арманқызы.

– _____ заңгер ме?

– Жоқ, аудармашы.

– Менің _____ – заңгер. Айжан Арманқызының _____ қаржыгер.